

Иманбетов А.Н., п.ғ.к., қауым. профессор
Садықов Қ.И., м.ғ.д., профессор
Қожамжаров Е.Ж., п.ғ.м., аға оқытушы
Саликов Ж.К., п.ғ.м., аға оқытушы
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Мақалада студенттерге әскери-патриоттық тәрбие берудің зерттелу деңгейі мен оның негізгі мәселелері туралы баяндалады. Сонымен қатар еліміздегі әскери-патриоттық тәрбие беру мәселесін зерделеген алыс және жақын шетелдердегі жүргізіліп жатқан іс-шаралар теориялық және практикалық негіздеріне сипаттама беріліп, еліміздегі халықтық дәтүрлерді бағалауда негізгі орын алатынын еңбектерге талдаулар жасалып талдаулар жасалады.

Кілт сөздер: Студенттер, әскери-патриоттық тәрбие, қарулы-күштер, ұлттық тәрбие, патриотизм.

Imanbetov A. N., candidate of pedagogical sciences, associate professor
Sadykov K.I., doctor of medical sciences, professor
Kozhamzharov E.Zh., master of pedagogical sciences, senior teacher
Salikov J.K., master of pedagogical sciences, senior teacher
Karaganda Buketov University, Karaganda

GENERAL PROBLEMS OF MILITARY-PATRIOTIC EDUCATION

Annotation: The article describes the level of study of military-patriotic education of students and its main problems. In addition, a description of the theoretical and practical foundations of the activities carried out in the near and far abroad, studying the problem of military - patriotic education in the country, analyzes and analyzes of works that occupy a key place in the assessment of the country's population.

Keywords: students, military-patriotic education, Armed Forces, National Education, patriotism.

Қазақстанның оқу орындарында оқушылар мен студенттерге этностық ерекшеліктердің, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл - қыздарының ерлік істерін назарға алу - бұның бәрі жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің қазіргі жағдайдағы орнын анықтайды.

Сонымен бірге, патриоттық тәрбие аса күрделі міндеттер болып табылды. Соңғы жылдары қалыптасқан тәрбие жүйесі көпшілік жағдайда сөздік, мәліметтік сипатта болып, жоғары оқу орындарындағы студенттерді міндетті түрде қоғамдық - пайдалы іс - әрекетке қатысуын қарастырмады, олардың патриоттық бағытын дамытуды қиындатты.

Бұл қазіргі таңда көптеген мәселелерді қайта қаруды және студенттерді жалпы Отанның өткендегі ерлік істерін терең сезіммен ұғынуға баулитындай тәрбиенің ерекше тиімді формалары мен әдістерін қарастыруды талап етеді. Әсіресе бүгінгі таңда табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық көрсету қажет болып отырғанда аса маңызды.

Н.Назарбаевтың айтқанындай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрлерін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері түр [1].

Шығыс елдерінде патриоттық тәрбиеге әсіресе әскери-патриоттық тәрбиеге аса көңіл бөлген. Бұл тұрғыда жапондықтар үлгі көрсетеді. Орыс тарихшысы А.А.Строев «жапондыққа балалық шағынан мемлекеттің идеологиясы үшін әр уақытта өзін құрбандыққа

шалуға дайын болуын құлағына құяды» - деп жазған. Ал қытайда әскери патриоттық білім беру мемлекеттік идеологиямен бір қатарда.

Қазіргі кезеңде Америка құрама штаттары өз азаматтарының патриоттық сезімдерін балалық шағынан тәрбиеленеді. Құрама штаттарда мектеп қабырғасынан бастап тәуелсіздік декларация дегеніміз не? деген мен қатар Американың негізін қалаушы президенттерінің аталы сөздерін оқып үйренеді.

Жалпы адамзаттық және отандық білім парадигмасындағы патриоттық тәрбие мәселесі басқа да тәрбиелермен өзара байланыста дами отыра, тұлғаны дамытуға үлкен ықпал ететін ғылыми зерттеу жұмыстары көптеп саналады. Солардың ішінде Ресей ғалымы Ю.С.Васютин саяси-идеялық тәрбие беру әскери-патриоттық тәрбиенің негізі екеніне, оқушылардың Отан қорғауға дайындық бағытында саяси-моральдық, әскери-техникалық және әскери дайындықтың өзара байланыстылығына, әскери-патриоттық тәрбиелеу ісінде ата-ана, қоғамдық және оқу, әскери орындардың міндеттеріне өз еңбектерінде кенінен тоқталады [2].

Азаматтарды әскери қызметке дайындап патриоттық сезімін қалыптастыру қазіргі кезде батыс европаның барлық елдерінде қолға алынған.

Мысалға, Германия, Ұлыбритания, Франция мектептерінде және жоғары оқу орындарында офицерлерді дайындауда арнайы пән ретінде әскери кәсіптік бағытын қалыптастыруда оқытылады.

Г.А.Самарец «Ресеймен батыс еуропадағы әскери-патриоттық тәрбиенің мазмұны және әдістері» атты кандидаттық диссертациялық ғылыми еңбегінде XVIII-XX шы жүз жылдықтағы Ұлыбритания, Франция, Ресейдің әскери-патриоттық тәрбиесіндегі тәжірибесі қарастырылған.

Мемлекет саясатындағы анықталған тенденция ұлттың қызығушылығымен бағытылығын қортындылайды. Ревалюцияға дейінгі жоғары оқу орындарындағы жастардың әскери-патриоттық тәрбиесімен әлеуметтік-педагогикалық жағдайы анықталып, жастардың азаматтық көзқарасы және қарулы күштерге қызмет етуге дайын болуы, талпынуы көрсетіледі.

Студенттердің әскери-патриоттық тәрбиесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, Қазақстан Республикасының әскери доктринаы, Қарулы Күштердің жалпы әскри жарғыларының талаптарын, «жалпы ортақ әскери қызмет туралы», «аумақтық қорғаныс туралы» және т.б. заңдарды оқып үйренуге бағытталған.

Патриоттық тәрбие беру мәселесін зерделегенде алыс және жақын шетелдердегі жүргізіліп жатқан іс-шаралар теориялық және практикалық негізін ашуға үлкен септігін тигізеді.

Әсіресе Ресей, Жапония, Қытай, Сингапур, Корея, Америка Құрама Штаты, Европа мемлекеттері және ТМД кеңістігіндегі мемлекеттердің жүргізіп отырған саяси-идеологиялық мәдени-ағарту, білім беру ісі негізгі нысанына айналды. Патриоттық тәрбие беру мәселесін кезіндегі кеңестік үкіметінің құрамында болған қазіргі жақын шет ел болып саналатын Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, т.б. тарихи жағдайларға, іс-тәжірибелер мен іс-әрекеттерге және ғылыми еңбектерге талдау жасау арқылы айқындалды.

Патриотизм - мемлекеттің өміршеңдігіне әсер ететін негізгі рухани ізгі тірегі бола отырып, қоғамның дамуына, азаматтың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына отаны үшін жан қиярлықтай іске баратын патриоттық сезім қандай да болмасын ұлт пен мемлекеттің дамуы мен күн көруін қалыптастырып негіздейтін әлеуметтік құбылыс.

Патриотизмде - отанға деп жан қиятын, беріліп еңбек ететін барлық ұлттың ең жақсы әдет-ғұрып өрілген. Патриотизм бауырмалдылықпен тығыз байланыста болып, ұлтшылдық, сенаратистік, космополитіктен алшақ. Патриотизм - бұл отанын сүйетін әр азаматтың өзін-өзі осы жолда паш етуі жөніндегі әлеуметтік мінез-құлқы, Ресей суверинитеті мен біртұтастығын сақтауы үшін қызмет етуі, елінің ұлттық қамсыздығын, бір қалыпта дамуын қадағалауы, әр адамның, әлеуметтік топтардың, қауымның әр саласындағы ортасында жүрген халықтың өз мүддесінен отанның мүддесін жоғары қоюы.

Патриоттық тәрбие беру - жалпы тәрбие үрдістің бір тармағы бола тұра, мемлекеттік билік органдары мен қоғамдық ұйымдардың, азаматтардың отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Жалпы адамзаттық және отандық білім парадигмасындағы патриоттық тәрбие мәселесі басқа да тәрбиелермен өзара байланыста дами отыра, тұлғаны дамытуға үлкен ықпал ететін ғылыми зерттеу жұмыстары көптеп саналады. Солардың ішінде Ресей ғалымы Ю.С.Васютин саяси-идеялық тәрбие беру әскери-патриоттық тәрбиенің негізі екеніне, оқушылардың Отан қорғауға дайындық бағытында саяси-моральдық, әскери-техникалық және әскери дайындықтың өзара байланыстылығына, әскери-патриоттық тәрбиелеу ісінде ата-ана, қоғамдық және оқу, әскери орындардың міндеттеріне өз еңбектерінде кенінен тоқталады [2].

Патриоттық тәрбие, әсіресе әскери – патриоттық тәрбие мәселесі Ресей ғалымдарының еңбектерінде негізгі орын алады. Патриоттық тәрбиені зерттеуші Ресей ғалымдарының бірі И.Ф.Харламов «Патриоттық тәрбие – тұлға бойына негізгі рухани құндылықтарды қалыптастыру. Патриоттық сезімін тәрбиелеу, ерлік дәстүрлерге және әлемдік жаһандандыру үрдісіне Ресейдің ғылыми техникалық және мәдени тұрғыда қосқан үлесіне мақтаныш, әр түрлі әскери жағдайларда отанға шын берілген, отан үшін жанын қиюға дайын болу», – деген тұжырым жасай келе, патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарын айқындайды. Бұл: азаматтық тәрбие; азаматтық патриоттық тәрбие; ұлттық патриоттық тәрбие; ерлік патриоттық тәрбие; әскери патриоттық тәрбие деп бөлін қарастырады.

Азаматтық тәрбие – азаматтық сезім, сана, тұлғаның азаматтық сапасын, нақты азаматтық бағытын, халқына саналы түрде, өз еркімен қызмет етуге дайын болу. Азаматтық тәрбие азаматтық, азаматтық мәдениет, азаматтық бағыт тұрғысынан сипатталады. Азаматтық, азаматтық мәдениет тұлғаның бойында мектептен, әсіресе бастауыш мектепте қалыптасады дейді.

Азаматтық – патриоттық тәрбие – жастарға қажетті құқықтарын іс жүзінде қамтамасыз етуге, жастар мен мемлекет арасындағы құқықтарды қатынастарды қамтамасыз етуге бағытталады. «Азаматтық, – дейді И.Ф.Харламов, – негізгі әлеуметтік функцияларды ұлтаралық, тұлғааралық, отбасылық тұрмыстық қатынастар мен еңбек іс– әрекеттерінде адамгершілік құндылықтар мен жалпы қабылданған нормаларды орындау барысында тұлғаның кешенді тұрғыдағы сапалық белгісі, саналы түрде әр адам өз құқықын қорғау, отанға деген сүйіспеншілік және оның мүддесін қорғау» [3].

Ұлттық – патриоттық тәрбие – оқушылардың бойында отанға деген сүйіспеншілік сезім, ұлттық дәстүр мен мәдениетке құрметпен қарау, өз халқына деген мақтаныш сезімінің қалыптасуы (аз халық болса да).

Дәстүрлі халықтық мәдениет ұлттық мәдениеттің негізгі бөлімі дей келе, халықтық дәстүрлер өмірді түсіну мен бағалауда негізгі орын алатынын еңбектерге талдаулар жасау арқылы нақтылайды.

Ерлік – патриоттық тәрбие – ата дәстүрлердегі ерлік құндылықтарды бағалай білу, оған деген мақтаныш сезім, әскери мамандықтарды, айрықша тарихи күндерді насихаттау. Тарихи күндерді насихаттау, ұлы адамдардың өмірін таныстыру арқылы оқушылардың бойында патриоттық қасиеттерді қалыптастыруда негізгі орын алады [4].

Әскери патриоттық тәрбие – ерлік–патриоттық тәрбиемен тығыз байланыста оқушылардың бойында терең патриоттық сананы қалыптастыру, отанға қызмет ету және оны қорғау идеясы, Қазақстанның әскери тарихына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу, әскери мамандықты меңгеруге баулу, әскери дәстүрлерді сақтау және көбейтуге ат салысу.

Қоғамдық ұйым, әскери патриоттық клубтар, қозғалыстарға материалдық көмек төмендегі көмек көздері арқылы жинақтар былай көрсетіледі:

- балалардың қол-өнер және техникалық шеберліктерінен түскен қаржылар; еңбек кооперативтерінде істеген жұмыстары үшін алған ақылары;
- өздері шығарған газет-журналдарды сатудан түскен қаржылар;

➤ мүшелік жарнадан (ұйым мен бірлестік мүшелерінің еңбекке жарамдылары төлейтін міндетті жарна, ал оқушы мен ата-аналар өз еріктерімен төлеген жарнадан түскен қаржы);

➤ мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардан түскен қаржылай көмек.

Көптеген елдердегі қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарға ғылыми-теориялық тұрғыда талдау жасау барысында түйгеніміз, қоғамдық ұйымдар оқушы-жастардың жеке тұлға ретінде дамуына, өз ойын еркін айта білуіне, отанын, елін, жерін сүйетін, қоғамдық қатынаста әртүрлі жағдайлардан шыға білуге баулитынын байқадық.

Жоғарыда патриоттық тәрбиеге талдау жасау барысында айқындағанмыз патриотизм мәселесіне тек мемлекеттік саясат тұрғысынан ғана қарамайды, әр адамның жекелей міндеті тұрғысынан қарастырылады деген пікір білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамдық идеологиялық бірлігінде. - Алматы:Қазақстан, 1993. – 33 б.
2. Васютин Ю.С. Военно-патриотическое воспитание: теория и опыт. – Москва, 1984. - С. 163.
3. Харламов И.Ф. Воспитание патриотизма и культура межнационального отношения //В кн.: Педагогика Учебное пособие. -3-е изд, перераб.и доп. – М., 2002. – 517 с.
4. А.Тайжанов., А.Түсіпқалиев. Zkgma.kz/ru.indeks. М.Оспанов атындағы БҚММ «Патриоттық тәрбие - отаншылдық кепілі» 26 шілде 2012жыл.

Кулейменов А.Ж., п.ғ.м., аға оқытушы

Бекболат Ж., студент

Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Зекенов Ж.К., АӘЖТД мұғалімі

М.Жұмабаев атындағы гимназия, Қарағанды қ.

Оспанов Ж.Ж., АӘЖТД мұғалімі

ЖББ № 16 мектеп, Қарағанды қ.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘСКЕРИ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация: Мақалада бүгінгі өскелең ұрпақты Отан сүйгіштікке тәрбиелеуде патриоттық тәрбиенің ерекшеліктері туралы сөз қозғалады. Жастардың бойындағы ұлттық патриотизмді дамытуды қазіргі көзқарас пен ұлтжандылыққа, елжандылыққа сыйғызуға болады. Әр жас ұрпақтың бойында өз Отанына, еліне деген патриоттық тәрбиенің маңыздылығы жоғары болуы керек. Ол адамның өз Отанын күшті де айбынды етіп, гүлдендіруге ұмтылуымен сипатталады, қандай да бір қастандық әрекеттерден Отаныш қорғауға дайын болуын білдіреді.

Кілт сөздер: Патриоттық, тәрбие, Отан, патриотизм, сана, сезім, ұлтжандылық, батылдық.

Kuleimenov A. Zh., master of pedagogics sciences

Bekbolat Zh., Student

Karaganda Buketov University

Zekenov Zh.K., basic military training teacher

Gymnasium named after M. Zhumabayev, Karaganda

Ospanov Zh.Zh., basic military training teacher

General education No. 16 school, Karaganda

THE IMPORTANCE OF EDUCATING HIGH SCHOOL STUDENTS IN MILITARY PATRIOTISM